



Р 2006
539



ҚҰРМАНҒАЗЫ

ҒАСЫРЛАР ҮНІ

ҚҰРТАТҒАҒА



ЖҮЙЛЕР



ИЗДАТЕЛЬСТВО Алматы
ӨНЕР 2005
БАСТАСЫ

ББК 85.956.8

Қ 77

**Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің Мемлекеттік бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр**

Қ 77 Құрманғазы. Күйлер. (Құрастырған, түсініктерін жазған Қ.Ахмедияров).
Алматы, “Өнер”, — 2005 • 192 бет.

ISBN 9965-768-09-9

Назарларыңызға ұсынылып отырған кітапқа ұлы күйші, композитор Құрманғазы Сағырбайұлының мерейтойы қарсаңында, оның бүгінге дейін белгілі болған күйлері енгізіліп отыр.

Олар есімі халқымызға кеңінен таныс, белгілі домбырашы Қаршыға Ахмедияровтың орындауында нотаға түсірілген.

Жинақ музыка мамандары мен домбырашыларға, сондай-ақ жалпы күйқұмар көпшілікке арналады.

ББК 85.956.8

К 4905000000
409 (05)-05

ISBN 9965-768-09-9

© “Өнер”, 2005

© “Өнер” баспасы, 1995

© Қ. Ахмедияров, құрастырушы, 1995

КІТАП ТУРАЛЫ СӨЗ

Кітапқа өзімнің орындауымдағы күйлердің ноталық нұсқасы ұсынылды.

Бұл еңбегімізде біз Құрманғазы бабамыздың өмірбаяны мен шығармашылығын тілге тиек етуді мақсат етпедік. Өйткені, күй атасы туралы өмірбаяндық толық дерек пен шығармаларына терең талдау академик Ахмет Жұбановтың екі кітабы — “Ғасырлар пернесі” мен “Құрманғазы” жинақтарында жан-жақты қамтылған. Бұл екі еңбек қазақ музыкасын зерттеу саласындағы баға жетпес дүниелер. Ұлы күйшіге қатысты тарихи деректерді, шығармашылығындағы классикалық дәстүр мектебін бүгінгі шәкірт күйшілер осы кітаптардан оқып үйренуде.

Бір өкініштісі — жыл өткен сайын Құрманғазы туралы тың деректер жинау қиындап барады.

Бұрынғы көнекөз қариялар сиреді. Заманымызға, саясатымызға байланысты ауызша жалғасатын шежіре әңгіме, дастандар немесе бірнеше ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан күйшілік өнердің қыры мен сыры, дәстүрлік дамуы ұмыт бола бастады. Тіпті, 1934 жылы Бүкілқазақстандық өнерпаздардың бірінші слетіне келіп, Құрманғазы атындағы оркестрді өздері құрысқан домбырашы, қобызшылар жөнінде толық деректердің өзі жоқтың қасы. Осы оркестрдің сондағы өмір тарихы жөнінде толық зерттеу еңбектер жарық көрмеді. Алайда тәуелсіз еліміздің ендігі зерттеушілері ұлы бабамыз Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі жөнінде терең зерттелген байыпты дүниелер жазады деген үміттеміз.

Біз назарларыңызға ұсынып отырған “Құрманғазы” жинағын композитор шығармашылығы туралы жазылған бұрынғы еңбектердің заңды жалғасы ретінде қабылдауларыңызды сұраймыз.

Әрине, біз бұл азын-аулақ еңбегімізде алдымен А. Жұбанов ағамыздың еңбектеріне сүйендік, сонымен бірге соң-

ғы жылдары дүние жүзі сахна торінде бүкіл әлемге күй өнерін дәріптеп жүрген атакты орындаушылардың нұсқаларын елеп-екшеп алуға тырыстық. Ең бастысы күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының күйлерін дәстүрлі классикалық үлгіден ауытқымай, түпнұсқасында нотаға түсіруге тырыстық.

Өз басым академик Ахмет Жұбанов құрған әйгілі Құрманғазы атындағы оркестрде 27 жыл үздіксіз еңбек еттім. Оркестр құрамында жұмыс істеген қазір арамызда жоқ қазақтың майталман домбырашыларынан күйшілік өнерді үйреніп, дәріс алғанымды мақтаныш стемін. Әлі есімде: қадірлі ұстазым Ахмет Жұбанов өзінің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында оркестрдің дирижер тұғырына шығып, күйтабаққа халық композиторларының күйлерін және өзінің шығармаларын жаздырған еді. Күйдің ішкі құрылысын, идеясын, стилін, композициясын, көркемдік формаларын жетік меңгерген ұлы ұстазымның дирижерлік мінбеде тұрып әрбір дыбысты қалт жібермейтін сергектігі мен оркестрдің құрамына деген әкелік қамқорлығы, нәзік сезімталдығы өнер жолын жаңа бастаған маған ерекше әсер еткені сондай — барлығы әлі күнге дейін көз алдымда.

Қазақтың күй өнерінің болашағына академик Ахмет Жұбановтай еңбегін сіңірген қайраткер өте сирек екенін мойындауға тиіспіз. Ахаңның “Ғасырлар пернесі”, “Замана бүлбүлдары”, сондай-ақ “Құрманғазы”, “Дәулеткерей” тағы басқа зерттеу еңбектері халқымыздың аспаптық музыкасын, күйлерін, өнерін дамыту жолында кейінгі ұрпаққа бағытбағдар беріп, жөн сілтейтін өміршең туындылар. Сондықтан біз, Ахаңның шәкірттері, ол салған даңғыл жолдан ауытқымауға тырысамыз.

Құрманғазының өзі болашағынан үлкен үміт күткен талантты шәкірттерінің бірі, кейін халқымыз күй анасы атап кеткен

Дина Нүрпейісованың 78-ге қараған жасында 1939 жылы Мәскеу қаласында өткен Бүкілодақтық халық өнерпаздары сайысында бірінші орын алғанын өнер сүйер қауым жақсы біледі. Күйші Динаның өзінің орындауындағы күй табағы да біздің қолымызда сақтаулы.

Дина анамыздың өзінің орындауындағы күйлердің табиғи орындаушылық ерекшеліктерін мейлінше меңгере отырып, нотаға түсіріп, 1991 жылы “Өнер” баспасынан “Әсем қоңыр” атты күйлер жинағын шығардық. Құрманғазы күйлерін дәстүрлі орындаудағы менің скінші бір үлкен мектебім — осы Динаның орындауындағы күйлер.

Құрманғазы күйлерінің көпшілігін бізге жеткізуші атақты күйші Ерғали Есжанов екенін білеміз. Мен Ерсекеннің шәкірті әрі ұрпағы Ғылман Хайрошев күйшінің өмірінің соңғы кезеңінде әдейі іздеп барып кездесіп, әңгімелескен едім. Құрманғазы күйлеріне байланысты кейбір тың деректерді сол кісінің аузынан естідім. Оның бер жағында Қазақстан халық артистері Қали Жантілеуов, Рүстембек Омаров, Әзидолла Есқалиев және шебер орындаушылар Рысбай Ғабдиев, Сержан Шәкіратов, Сағын Жалмышев сияқты Құрманғазы күйлерін нақьшына келтіріп орындап, насихаттап жүрген домбырашылардың орындау үлгісіне сүйене отырып дамытуға тырысып жүрміз.

Ахмет Жұбановтан кейін Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрін ұзақ жыл басқарған белгілі дирижер, менің ұстазым Шамғон Қажығалиев — ұлы күйшінің күй мұраларын толық меңгерген аса білікті музыка қайраткері. Кітапта Ш. Қажығалиевтың да еңбектері ескерілді.

Республика Мәдениет министрлігінің және Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы ұстаздары мен өнер қайраткерлерінің ұйымдастыруымен 1983 және 1990 жылдары күй атасына арналған музыка аспаптарында орындаушылардың Республикалық сайысын өткізуге ат салыстым. 1990 жылы

аталған өнер сайысы бабамыздың туған жері Атырау облысында өткізілді. Сол үлкен өнер мерекесінің нәтижесінде Атырау облысының Құрманғазы ауданы жыл сайын Құрманғазы атындағы өнер күндерін өткізуге арнайы қаулы қабылдады. Көршілес Ресейдің Астрахань облысы осы игі дәстүрді қуана қолдап, 1992 жылы Құрманғазы атындағы өнер күндерін ұйымдастырды. 1992 жылы қызкеліншек күйшілердің Дина Нүрпейісова атындағы Алматы қалалық күй сайысын өткіздік. Мұның бәрі ұлы күйшіге деген кейінгі ұрпақтарының құрметі екі ғасырға жуық үзілмей келе жатқан дәстүрлі Құрманғазы күй мектебінің заңды жалғасы. Шынайы өнердің мәңгілік екендігінің айқын дәлелі.

Құрманғазы күйлерінің формасы, орындалу ерекшелігі, ішкі мазмұны, телегей теңіз тереңдігі мен дауылды екпіні бүкіл әлемді тәнті етіп, дүр сілкіндіріп жүргенінің де түп төркіні осы ұрпақтар сабақтастығында жатса керек.

Құрманғазы және Дина атындағы күй сайыстарына қатысып жүлделі орындарға ие болып жүрген жас күйшілер де назарларыңызға ұсынылып отырған жинаққа енген күйлердің нұсқасын орындаумен елге танылып келеді. Сонымен бірге музыка мектептері мен училище шәкірттері, консерватория студенттері осы бағытта дәріс алады.

Ахаң ел арасында бар дегенін естігенімен жинауға ғұмыры жетпей арманда кеткен Құрманғазының кейбір сирек орындалатын күйлері де жинаққа қосылды. Бұл жаңадан табылған күйлерді халқымызға танымал күйшілердің сахналық орындауында нотаға түсірдік.

Музыканы теориялық тұрғыдан зерттеушілер немесе ұлттық академиямыздың өнер бөліміндегі ғылыми қызметкерлердің этнографиялық еңбектері мен халық күйлерінің жинақтары ғылыми бағалы еңбек болатынына дауымыз жоқ. Алайда олар жинаған, нотаға түсірген күйлерді нұсқа ретінде қолдану жастарды былай қойғанда тәжірибелі біз үшін де өте қиын.

Өйткені домбырада ойнау өнерінің тарихи қалыптасқан өзіндік дәстүрлі заңдылықтары бар.

Құрманғазының күйлерін бізге өз дәрежесінде жеткізген дәулескер күйші Оқап Қабиғожинның орындауындағы “Сарыарқа”, “Серпер” сияқты жігерлі күйлердің оркестрге өзгертілмей сол күйінде жазылуы тегін емес. Өйткені күй анасы Динаның өзі Оқаптың орындаған күйлерін жоғары бағалаған. Меніңше, Оқап сияқты ең жоғары дәрежелі орындаушылардың шеберлігін үлгі ете отырып, Құрманғазы бабамыздың өзге күйлерін де бір жүйеге келтіруіміз керек. Ал, академик Ахмет Жұбановтың оркестрге түсірілген нұсқалары Құрманғазы күйлерін оқып үйренушілер үшін оқулық құралы болуы шарт сияқты. Өйткені бүкіл әлемді шарлап, халқымыздың халық күйлерінің құдыретімен өнер әлеміндегі жарық жұлдыздар қатарына қосылған академиялық оркестрдің өзі де Құрманғазы күйлерін Ахаң жаздырған нұсқамен айдай

әлемге паш етті ғой. Сондай-ақ оркестрдің орындауына келмейтін Құрманғазының өте күрделі күйлерін әр орындаушы таланттының шама-шарқына қарай орындаса ешкім қой демес.

Бір ескерте кететін мәселе: Құрманғазының күйіне телініп басқа атпен нотаға түсірілген күйлерді, сондай-ақ А. Жұбанов өз еңбектерінде күмәнданған бірнеше күйлерді бұл жинаққа қоспадық. Ұлы бабамыздың шығармаларының санын көбейту мақсатымен оның асқақ та рухты күйлерінің құнын түсіргіміз келмеді.

Жинақтағы көптеген күйлердің интерпретациясы осы жолдар иесінің авторлық түзетуімен баспаға дайындалды. Және ұстазымыз Ахмет Жұбановтың еңбектеріндегі құнды деректерге сүйене отырып, Құрманғазы күйлерінің мазмұнын, көркемдік бояуын барынша байытып, жетілдіріп беруге тырыстық. Сондықтан да бұл жинақ Ахмет Жұбанов еңбектерінің заңды жалғасы десек, қателеспейміз.

**Қаршыға АХМЕДИЯРОВ,
Қазақстан Республикасының
халық артисі, Мемлекеттік
сыйлықтың лауреаты,
профессор**

ҰЛЫ КҮЙШІ

Ұлы күйші, дарынды композитор — Құрманғазы Атырау облысы, Теңіз ауданы, Жиделі деген жерде 1816-18 жылдар шамасында туды. Әкесі Сағырбай он екі ата Байұлының ішіндегі Қызылқұрт руынан шыққан, бүкіл өмірін байлардың малын бағумен өткізген адам. Құрманғазының кішкентайынан домбыра үні естілсе бәрін ұмытатын музыка құмарлығы әкесі Сағырбайға ұнай қоймады. Домбырасын үкілеп ел кезіп жүретін салсерілерге ілесіп, әсіре қызыл “әуесті” болып кете ме деп іштей уәйімдейтін. Содан ба тілі шығар шықпастан домбыра шанағына жармасқан баласын адал еңбекке бейімдеуге ұмтылды.

Құрманғазының анасы Алқа елге сыйлы, еті тірі Мәтіғұл деген кісінің бұла өскен ерке қызы еді. Алқаның ағалары шетінен төкпе ақын, асқақ әнші, бармағынан бал тамған күйші, жауырыны жер иіскемеген палуан болатын. Солардың ортасында өскен Алқа еркек-шоралау қайратты болып бой жетті. Өзі қатарлы бозбалалармен белдесе кеткенде талайын шаң қаптыратын. Алқа құрбыларының арасында сызылта салған әнімен де сыйлы еді...

Жасынан өнердің қадірін біліп өскен Алқа тұңғыш ұлының бойындағы ұлы дарынды жүрегімен сезінді. Ұлының асқан ажарлы, сымбатты әрі ешкімнен қаймықпайтын жүректі, алысқанын алып ұратын қайратты боп өсіп келе жатқанына іштей қуанатын. Ол ұлының бетінен қақпады, қолына домбыра тисе аруақтанып, нұрланып шыға келетін кішкене Құрманының тегін адам емес екенін бірінші болып мойындаған да Алқа еді...

Бөкей хандығына атағы жайылған Ұзақ деген дәулескер күйші болды. Туып өскен жері Жайықтың шығыс жақ беті болғаны-

мен, Ұзақ домбырашылық дәстүрде Бөкей жағына бейім еді. Ұзақ қартайған шағында ел аралап жүріп Сағырбай қоңсы қонып отырған баяғы Шағбала байдың ауылына келеді. Ауылда күйші бала бар дегенді естіген қария ат маңдайын Сағырбайдың қоңыр үйіне тірейді. Ұзақтың күйін тыңдауға көптен құмартып жүрген Алқа қадірлі қонаққа қолдан келген құрметін көрсетті. Күй кешіне жиналған халық Сағырбайдың төрт қанат үйінің аузы-мұрнынан шықты. Ауыл адамдары тарап, өзді-өзі келген кезде Ұзақ Құрманғазыға домбыра тарттырады. Жас талапкердің домбыра тартқанына сүйсінген қарт күйші болашақ үлкен дарын иесінің табиғи талантын бірден аңғарып, ақ батасын берді.

Құрманғазы болса атақты күйшінің мақтау сөздеріне қанаттанып қария тартқан күйлерді сол бойда қағып алып өз домбырасымен бебеулетіп отырды. Болашақ ұлы композитордың өнер айдынындағы тұсау кесері осылай басталып еді.

Құрманғазы он алтыға толып, оң-солын тани бастады. Ел ішіндегі әділетсіздікті аңғарып, байлардың озбырлығына, зорлық-зомбылығына мойын сұнып, ертелі-кеш қой соңында салпандап жүре беретін көп кедейдің бірі емес екендігін табиғат берген алып күшімен, ешкімнен қаймықпайтын батылдығымен, ойындағысын бетін бар, жүзін бар демей айтып салатын өткірлігімен таныта бастады. Өмірдің қымқиғаш шытырман сырларын терең түсіне қоймаса да, бай мен кедей тірлігінің арасындағы жер мен көктей айырмашылықты аңғарып, көкейіне түйе берді.

Әкесінің байға қарсы келме, әркімнің өз ризығы бар деген қоңырқай уағызына да құлақ аспай, албырт жас еркіндікті аңсады да тұрды.

Бойдағы бұла күш, асау талант Құр-

манғазыға өз дегенін істетпей қоймады. Өзінің ер жетіп, азамат болғанға дейін біреудің малын бағып, қызметін істеп жүргеніне қапа болған Құрманғазы бір күні қызыл өгіздің үстіндегі ерді сыпырып алып, он сегіз жыл бойы әкесінің адал еңбегін жеп, тізесін батырып келген Байбақты Ақбайдың Әубәкірінің алалы жыл-қысын аралап жүріп, өзіне ұнаған қалбаң құлақ қара атты аяқ тұзақпен ұстап алып, ерттеп мінеді. Ауылға келіп мән-жайды әке-шешесіне түсіндіріп, батасын алып, өнер сапарына бір жола аттанады. Сонымен бірге боз бала өзінің бұл қылығын жылдар бойы жүрегіне шемен болып қатқан әділетсіздіктен кек алу деп ұқты.

Қой соңында жүрген кедейдің жаман баласының мына басынуына зығырданы қайнаған Әубәкір бай бар ашуын Сағырбайдан алады. Шағбаланың қойын бағып жүрген Құрманғазының інісі Байғазыны күштеп әкеліп өз қойының соңына салмақшы болып зіркілдейді. Құдыреті күшті алпауыттың озбырлығына шыдамаған Сағырбай Азғырға қоныс аударады.

Өзіне өзі еркіндік әперіп, қара домбыраны серік еткен Құрманғазы әдейі іздеп барып Ұзақ күйшінің жанына ереді. Ел аралап, талай-талай алқалы ортада атақты сал-серілердің өнеріне қанып, атақты домбырашылардың күйлерін тыңдайды. Кезегі келгенде өзі де беделді ортаға бағын сынатады.

Он тоғызыншы ғасырдың отызыншы жылдарының аяқ кезінде Бөкей хандығында патша үкіметі мен үстем тап өкілдерінің үрейін ұшырған шаруалар көтерілісі болды. Хан және туысқандары, сұлтандар егістік, шабындық, жазғы және қысқы жәйлім жерлердің жақсыларын шаруалардан тартып алады. Балық аулауға тиым салады. Тіпті мал суаратын суатқа шейін өздерінше “тәртіп” орнатты. Осының бәрі еңбекші шаруалардың наразылығын күшейтіп, ақыры кең жайылған көтеріліске келіп соқты. Көтерілісті бастаған Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов еді.

Исатай-Махамбет көтерілісі қазақ тарихында үлкен роль атқарды. Патша үкіметінің екпініне тотеп бере алмай, жеңіліске ұшырағанымен халық санасында мәңгі сақталды. Көтерілістің қару күшімен басылуы, Исатайдың патша әскерлерінің қолынан қаза табуы, көтеріліске қатысқан рулардың ұзақ уақыт қудалануы Құрманғазының қанаушы тапқа деген ыза-кегін аятып, ымырасыз күреске шығуға іштей бекіндірді. Қолындағы қаруы домбырасымен халық арманы, игілігі жолында көзі жұмылғанша қызмет етуге серт берді. Көптен жан-дүниесіне маза бермей жүрген ой толғаныстары, асыл арманы домбыра шанағынан күй болып күййыла бастады.

Отызыншы жылдардың аяғында Құрманғазының алғашқы творчестволық дәуіріне жататын күйінің бірі “Кішкентай” дегенге келеді. Ол күйді Құрманғазы “кішкене інісінің үлкен ағасы Исатайға арнауы” депті. Күйдің “Кішкентай” атанып кеткен себебі осы болса керек. Өйткені “Кішкентайдың” сырттай көлемі де мазмұны да, техникалық дәрежесі де терең, күрделі күй. Тіпті бұл күйдің жоғары деңгейлі шығарма екендігін тани отырып Құрманғазының кейініректегі творчестволық белестерінің біріне жатқызуға болар еді.

Құрманғазы өзінің күй шығарудағы қадамын осылай бастады. Творчестволық қанатын осы айтылғандай қоғамдық үлкен мәні бар оқиғаны суреттеу бағытына қарай қақты.

Құрманғазы күйлерінің хронологиялық тәртібін (шығару мезгілдері тәртібі есебінде) дәлме-дәл көрсетіп отыру мүмкін емес. Ол үшін композитордың қағазға түскен толық өмірбаяны біздің қолымызда жоқ. Бірақ шәкірттерінің жолын қуған домбырашылардың, күйшіні көзімен көріп әңгімелескен қарттардың айтулары бойынша осы бір алғашқы кезеңге жататын күйдің бірі “Балбырауын” болса керек, орындап берген адамның айтуынша “Балбырауын” жастардың

ойын-сауығына арналған шығарма. Күйдің музыкалық кейсіне қарағанда онда бидің негізі де бар сияқты. “Балбырауын” жігерлі өмір жырын жырлайтын, коктем желіндей көңілді оптимистік шығарма деп баға беруге болады.

Құрманғазының осы дәуір күйлерінің бірі “Ұзақ Ақжелең”. Олай дейтіміз, Дина бір әңгімесінде: “Ұзақ асқан орындаушы болды, бірақ өз жанынан күй шығарған емес, мына Ақжелең Қүрекеннің Ұзақ ұстазына арнаған өз күйі” — деген болатын. Күйдің ауызда жүрген белгілі программасы жоқ. Музыкасының ауанына қарағанда бұл күй бір шабыт келген кездің “көңіл үні” болуы керек. Өзін бір-жолата күй жолына бұруға себепші болған Ұзаққа, шәкіртінің “Рахмет” күйі деуге болар еді.

Күйшінің осы шамаға соғатын шығармасының бірі “Бас Ақжелең”. Хиуада болған қазақ, өзбек, түрікмендердің үлкен бір мәжілісінде көптеген күйші, дутаршылардың жарыс тартыстары болады. Сонда “Бас Ақжелеңді” Құрманғазы күйі деп Лекер деген домбырашы тартады да, одан Өскенбай домбырашы алады, кейін Манғыстауға жаяды. Бұл күйдің де белгілі программасы айтылмайды, қандай жағдайда шыққаны жөнінде ешбір дерек жоқ. Адай төңірегіндегі домбыра тартыстың түрінен бе, бұл “Ақжелеңнің” орындалу түрі басқалардан өзгеше, бірақ Ақжелеңдерге тән көңілді, жүрдектік, жинақылық мұнда да бар.

Құрманғазы бұл кездерде Бөкей хандығының шеңберінде қала алмайтынына көзі жетіп, Жайықтың шығыс жақ бетіне өтуге бел байлайды. Күндердің бір күндерінде Үстіртке келіп оның көтерілер жердегі күз-қиясын көріп тамаша етеді. “Қаратүйе — Манатаның” жоғары қарасаң бөркің түсетін, төмен қарасаң басың айналатын жаргас күздарын басып өтіп, Үстірттің текше-тегіс үстіне шығады. Асулардың дыбысы мен жаңғырықтары деп, “Маната” күйін шығарады. “Қаратүйе — Манатаны” жылдар бойы садақаға

шалған мал етінің ісі мен жерошақтың түтіні ғана шалса, Құрманғазы толғанысынан шыққан күйдің сиқырлы үндері енді оның күздарын шалып өтіп, шың қуалап кетеді. Бірінші рет өзінің туыс өскен жерінен кетіп, “жасанды шекара” болса да Жайықтан өтіп, Үстірт сияқты “жер шоқтығына” көтеріліп отырғанын жәй жиһанкездік деп ұқпай, осы бір асумен өмірдің жаңа бір белесіне қадам басқандай толғаныста болған күйші рухани биікке өрмелеп бара жатқандай ой теңізіне жүзген тәрізді.

Құрманғазының бұл кезеңінің сырт түрлері де, ішкі мазмұндық жақтары да еркіндік желінің соғуын күткендей ұғым береді. Осы бір белестің күйлері бірінен бірі өткен пәрменді, көтеріңкі, шалқыған болып келеді. Сол пәрмен күйлерінің бірі, көпке аты мәлім “Адай”. Бұл күйдің шығуы жөнінде ел аузында мынандай аңыз бар.

Құрманғазы жолаушылап келе жатып бір адайдың үйіне түседі. Үй ішінде шал, кемпір болады. Үй иелері шаруаларымен далаға шығып кеткенде Құрманғазы керегенің басында ілулі тұрған үкілі домбыраны көріп, қолына алып, бір-екі қағып, әдейі теріс бұрып қояды. Біраздан кейін даладан кемпір, шал және 18-19 жасар шамасындағы бір қыз кіреді. Ол Құрманғазыны көзіне де ілмей, керегенің басындағы ілулі тұрған домбырасын алып, күй тартпақшы болады. Бірақ домбырасын бір-екі қағып, бұрауының өзгергенін сезіп әке-шешесіне қарап:

— Мынаған кім тиген? — деп сұрайды. Олар сасып, “осы болар-ау дәуде болса” деп ойлап, қонаққа қарайды. Қыз одан әрі ешнәрсе айтпай, домбырасын бұрап алып күй тартып кетеді. Құрманғазы қыз тоқтаған кезде оған қарап:

— Шырағым, күйдің шоғын тартпай, боғын тарттың ғой! Домбыраны бері берші, — дейді.

Бұрын, сонды ешкімнен мұндай қатты сөз есітпеген қыз, не дерін де білмей, Құрманғазыға домбырасын ұсына береді. Әке-

шешесі де сасып қалады. Бір-біріне қарап күбірлеседі. Әлден уақытта шал-кемпір тұрып:

— Шырағым, осы сен Қызылқұрт Құрманғазы емессің бе, домбыра тартысың біздің бұл араның күйшілеріне соқпайды екен, — дейді. Құрманғазы әдетінше:

— Болсақ болармыз!— деп жауап қайтарады.

Енді үй-іші болып қолқалап күй тарттырады. Бірнеше күн жатқызып, сый құрметпен қайтарады. Сонда қыздың тартқаны “Серпер” күйі екен, деген әңгіме бар. Бірақ Құрманғазының тікелей шәкірттері, жолын қуған домбырашылар “Адай” күйі Құрманғазының өз шығармасы дейді. Күйдің құрылысына, өрбү дамуына қарағанда ол әңгімелер шындыққа жанасады. Ал, күйдің атына қарап мәселені оп-оңай шеше салуға болмайды. Ірі суреткерлердің қай-қайсысында болса да, болатын бір жағдай — олар белгілі бір жағдай, белгілі бір идеяны айту үшін тарихтық не аңыздық елдің не бір басынан өткен оқиғаны ала салады. Сол жағдай осы күйдің атында да бар сияқты. “Адай” Құрманғазының ірі шығармаларының бірі. Онда заманының алдын ораған көреген көз, өткір тіл бар. Әдебиет дүниесінен үлгі алар болсақ “Адай” күйінде Махамбеттің жалынды поэзиясының кейпі бар деп айта аламыз.

Құрманғазының “Адай” шыққан кезеңіндегі күйінің бірі “Серпер” қаншама иілтсе де, қаншама еңсесін басса да сынбайтын, мойымайтын, қайта серпіп бұрынғы қалпына келе беретін болаттай берік, халықтың қайыспас күшіне, қайтпас ерлігіне арналған шығарма. Образдық жағын алсақ, мұнда: “Қайтпаған қалың жаудан Құрманғазы, тағдырдың бөгелмейді дырауына” деген сияқты, өзін халықтың бір мүшесі, күш иесі деп қарағандай ұғым бар. Бір әңгімеде Құрманғазы жоғарыда айтылған алайдан қайтқан сапарында өзі жүйрік, жүрісі де әсем аттың үстінде көңілді келе жатып

күреске беттеген өз ойын суреттей шығарыпты. Атының серпіп тастап отыратын жүрісін образға алып, жігітте күш те осындай болу керек, жорытқанда белі берік тұлпардай қайыспайтын болу керек деп шығарған екен дейді.

Құрманғазы 1850 жылдар шамасында Адай сапарынан қайтады. Жайықты кесіп етіп, Бөкейге келіп өзінің ауылын тауып алады. Жанқала жақтағы Ақбаев Әубәкір деген старшынға келіп, өтелмеген әкесінің ақысын сұрайды. Әубәкір шабармандарына айтып Құрманғазыны ұрып-соғып, байлап тастамақ болады. Құрманғазы:

*“Әубеке, құдай куә жазығым жоқ,
Мен ұрлап жалғыз тайың алғаным жоқ.
Баласы Байбақтының сен Әубәкір,
Жолықсам ен далада арманым жоқ.”*

— деп әлді қолымен жағасына жармасқан жігіттерді итеріп жіберіп атына мініп жүріп кетеді. Бірақ жан-жақты Әубәкір Құрманғазыны ұстап, Оралға айдатады. Құрманғазы Орал түрмесінде жатып шешесіне арнап “Қайран шешем” атты күйін шығарады. Күй қапастағы халді суреттегендей жәй басталады. Әлден кейін жарқ етіп тұрған айдай жарқын кейіпке көшеді. Күй әсерленіп, қызынып, шапқан аттың алыстағы сарыны естілгендей болады. Аяғында баяғы ауыр дыбыстар еріксіздік үндері қайталанып келіп, ең соңында тағы да үміт сәулесі елестегендей әсер етеді. Құрманғазы бұл арада алдынан үміт күткендей болады.

Осы сапарда Құрманғазының “Түрмеден қашқан” күйі шығады. Біреулер бір чиновник түрменің қасынан өтіп бара жатып, Құрманғазының осы күйді тартып отырғанын естіп: “Мына бір тұтқынның домбыра тартысы маған ұнамайды, қапу күйі сияқты, сақ болындаршы” депті. Ал шынында да “Түрмеден қашқан” күйінде басынан аяғына шейін ат шабыс, қапу, айкай-сүрең дыбыстары бар. Еш жерінде тыным-тыныштық дыбысы жоқ деуге

болады. Әншілердің тілімен айтқанда бұл күй аяғына шейін “дем алмастан” бірақ тартылып шығады.

Құрманғазымен бірге түрмеде “ақ патшаға тілі тигені үшін” статьясымен жатқан Лавочкин деген орыстың шешесінің жәрдемімен Құрманғазы Лавочкин екеуі қашып кетеді. Осы сапарда өзінің орыс досына арнап күйші “Лаушкен” деген күй шығарады. “Лаушкен” адамның ризашылық сезімін білдіру, адамшылық, достық жыры сияқты шығарма. Құрманғазының ірі шоктықты шығармаларының қатарына жатпағанмен, өзінің жылылығы арқасында халық сүйіп кеткен күй.

Жоғарыда айтылған Ақбайдың Әубәкірінің әлі де болса Құрманғазының соңына түсуі қойылмайды. Сондықтан күйші тағы да алыс сапарға жол шегуге бел байлап, ардақты анасымен қоштасып, өзінің анаға деген ыстық сезімін домбыраның шегіне түсіреді. Бұл кейін “Аман бол шешем, аман бол!” деген атпен ел арасына жайылады. Басқа күйлерден айырмасы бұнда Құрманғазы домбыраны шын мәнісінде “сөйлетеді”. Күйдің кіріспесінен бастап-ақ “Аман бол шешем, аман бол!” деген сөз тақылдап, ап-анық айтылып тұрады. Әсіресе шебер орындаушылар тартқанда күй адам тілімен сөйлеп тұрғандай көрінеді. Бұл жағынан реалист күйші орыс композиторлары Мусоргский мен Даргомыжскийдің музыканы адам дауысына, үніне жақындатуды мақсат етіп қойғанымен ұштасады.

Тілі өткір композитор Ақбайдың Әубәкірін сыбағасыз тастамайды. Оның озбыр, зорлықшыл түрін күйде қалдыру үшін музыкалық “ескерткіш” соғады. Ол күйі халық арасында “Ақбай” деген атпен тарайды. Күйші бұл арада сырттай суретке бармай, Әубәкірдің қара халықты зар қақсатқан істерімен туған ауыр халды суреттеуден бастайды. “Ақбайдың” басын естіген адам бірден күйдің мазмұнынан хабардар болады. Бірақ қажырлы Құрманғазы уәйім теңізіне бата бермей, алда ашық күн барына сеніп, енді бір кез адам-

ды алысуға шақырғандай үн береді. Сол арпалыс, адам бақыты үшін болған күрес көп уақытқа шейін үдей береді. Күйдің аяғында баяғы ауыр хал қайта келіп, сақтыққа, салмақтыққа шақырған ұранмен “Ақбай” күйі аяқталады.

1850 жылдардың ортасында Құрманғазы Жем өзенінен кесіп өтіп Төремұрат, Нарынбай, Өтен деген батырларға қарай мандай түзейді. Олар Құрманғазының түп нағашылары екен. Сондықтан қазақ әдеті бойынша Құрманғазы оларға нағашы деп келеді. Шешесі мен жұбайын (Құрманғазы Есенғұл-Беріш Игіліктің қызы Әуеске үйленген болатын) өзінің жамағайыны Жәлел деген кісіге тапсырып кетеді. Бірде нағашылары Шөкен деген қызды азғырып, Құрманғазыға бір тойда бір-екі ауыз өлең айттырады. Өлеңінде Шөкен күйшіні бозқаңғыр деп кемітеді. Ер жігіт өз елінде жүру керек, неге басқа елде қаңғып жүрсің дейді. Құрманғазы қызға тиісті жауабын береді. Бірақ қыздың сөзі есінен шықпай қояды. Кейін осы сапардан қайтып келгенде “жолшыбай шығарғаным еді” деп “Бозқаңғыр” атты күй тартады. Сонымен қатар Құрманғазы осы сапарда “Төремұрат”, “Ақсақ киік” күйлерін шығарады. Айтушылар “Ақсақ киік” күйі Төремұратпен бірге киік аулап жүргенде шыққан деседі. Ал Құрманғазының “Төремұрат” деген күйі Төремұраттың ауылына жау тиіп, сол түнде үлкен ерлік көрсеткен батырдың іс-қимылына риза болып шығарған күйі деседі. Кей жерлерде ол күйді “Қыз Данайдың қырғыны” деп те тартады. Бірақ күйдің өзі сол біз білетін “Төремұрат” күйі. Құрманғазы осы сапарынан қайтып келе жатып, шөлдеп, тілі аузына сыймай, бір жалғыз отырған қараша үйге келеді. Үй ішінде бір бой жеткен қыз бар екен. Ол тез шәй қайнатып, үй айналасында жүрген жалғыз сауулы інгеннің сүтін құйып: “барым әзір, жоқ жәй” деп Құрманғазыға сый көрсетеді. Күйші әбден шөлін басып, көңілденіп, қызға қарап әрі бері отырады да, қолына домбырасын алып күй шертеді.

Қыз ықыласпен тыңдайды. Күй біткесін қыз тұрып: “Рахмет, күйіңіз аса ұнады. Сіз кім боласыз?” деп сұрайды. Сонда Құрманғазы аты-жөнін айтып: “Шырағым, сенің бүгінгі шөйің жәй шөй емес, күйіңіз сүтін де жәй сүт емес маған бұл берген асың балқаймақ сияқты тәтті болды. Сондықтан мына күйді саған арнап тартып едім. Күйдің аты “Балқаймақ” депті дейді. Сөйтіп Құрманғазының бұл сапарынан “Балқаймақ” күйі туады. Бұл аттас күй басқа авторлардың қолдарынан да шыққан, бірақ олардың әрқайсысы өзінше тартылады.

Құрманғазы бір жолында Еділ саласындағы көп тарам судың біріне тіреліп, пароммен өтуге тура келеді. Онда ат-арбасымен тұрған бір шаруаның қатарына әйелімен урядник келіп қалады. Бір кезде ат қозғалып кетіп, арбаның тертесі урядниктің әйелін қағып кетеді. Урядник ашуланып, шаруаны сабағысы келіп қоқырақтайды. Айқай-шу шығарып, паромды басына көтереді. Сол кезде Құрманғазы оған қарап, өзінің айбатты үнімен арыстандай ақырып селт еткізеді де, орнына отырып домбыра тартады. Урядниктің айқайы басылып, екі көзі күйшіде болып, тыңдайды. Күй біткен кезде паромдағы жұрт: “Құреке, бұл не деген күйіңіз?” деп сұрағанда, ол “бұл анау ұрыншак урядникке “Не кричи, не шуми!” деп тартқан күйім” дейді. Сонымен бұл күй “Не кричи, не шуми!” атанып кетеді.

Құрманғазы Орынбор түрмесінде жатқанда бір күні генерал-губернатор Перовский шақырып алады. Ол Құрманғазыға домбыра тарттырады. Бірнеше күй тартып келіп Құрманғазы аяғында бір күйді өзгеше тартады. Музыкадан төбесі тесік генерал: “Мына сонғы тартқаның күй емес қой, ол не еді?” деп сұрайды. Сонда Құрманғазы “Ол марш еді” деп жауап береді. Перовскийдің алдында тартылған себепті бұл марш “Перовский марш” атанып кетеді. “Перовский марш” шын мағынасында марш екпіні мен өлшеуінде шық-

қан. Форма жағынан да маршқа дәлмедәл келеді.

Аңыз бойынша Перовский осыдан кейін Құрманғазыны түрмеден босатуға жарлық беріпті мыс. Басқа жорамал бойынша Құрманғазы түрмеден қашып кетеді. Осы сапарда ол тағы бірнеше күй шығарады.

Құрманғазының бұл кезеңдегі шығарған күйлерінің ішіндегі ірілері: “Кісен ашқан”, “Қызыл қайың”, “Машина”.

“Кісен ашқан” басынан аяғына шейін орнықты, жәй екпінді күй. Әуенінің откірлігі сай сүйегінді сырқыратады. Әрине, онда кісенді кесіп жатқан алмас араның құлағынды жаратын дыбысы жоқ. Күйде аяғын кісен қыйған жан ауруы бар. Тіпті бір Құрманғазының емес, жалпы еңбекшінің аяқтары кісендеулідей ауыр жағдай суреті бар. Бұл психологиялық күй десек қателеспейміз. Бірақ ескере кететін нәрсе күйде мол трагедиямен қатар үлкен жігер мен халықтың үні бар.

“Қызыл қайың” аттас күй халық арасында көп кездеседі. Құрманғазының “Қызыл қайыңы” әрине, басқа ол аттас күйлерге ұқсамайды. Мұнда ана қойнындай жылы, халқының әр ұлын аялатқан жаратылыстың ұлы қойнының, ұлы панасының суреті бар. Шебер суреткер қайың образында туған жерінің өз ұлына деген жылылығын, аналығын көрсеткен.

Өмір қыспағымен Құрманғазы көптеген қалаларды көрді. Осы замандағыдай айта қалғандай болмағанымен, жеңіл-желпі болса да өндіріс орындарын, қаланың шуын көрді. Шамалы да болса техника көрді. Ауыл жағдайымен салыстырғанда Құрманғазы үшін ол үлкен жаңалық болды. Сезімді суреткер бір күні домбырасын алып осы бір жағдайларды да екі шектің бойына түсіргісі келді, күй шығарды. Күйдің атын “Машина” деп қойды. “Машина” күйін бірінші тыңдаған адамдар бірден ол күйдің осындай жағдайға арналып шыққанын сезіп, күйшінің шеберлігіне риза болды. Шынында “Машина” десе машина.

Көп күн жүріп Құрманғазы ауылына келгенде, оның алдынан тағы суық хабар кездеседі. Құрманғазы қашып кеткеннен кейін Орынбордан казак-орыстар шығып күйшінің жұбайы Әуесті емшектегі баласы Қазимен қоса алып кетеді. Құрманғазы бір байдың жылқысынан екі ат ұстап алып, әскерді қуып береді. Үш күн откеннен кейін жылқышылардың сілтеуі бойынша бекініп жатқан әскердің үстінен шығады. Мылтықтарын бір-біріне сүйсіп қойып, оздері қаннен қаперсіз ұйықтап жатыр екен. Айдың астын ала, екі атты бір сайға қосақтап тастап, шапан жамылып, баласын бауырына басып егіліп отырған Әуеске белгі береді. Солдаттардың сүйеулі тұрған бір мылтығын олжалап, сүйген жары Әуес пен кішкентай Қазимен атқа мінгестіріп қараңғыға сіңіп ғайып болады. Тұтқын әйелдің орнын сипап қалған солдаттар Орынборға келіп, Әуес қашып кетті, ең далада қасқыр жеп қойған болу керек, барар жері жоқ еді деп рапорт береді. Құрманғазы еліне келіп, баяғы еңбектеп бұғып барып Әуес пен Қазиды алып қашқанын айтып отырып “Бұқтым-бұқтым” деген күй шығарады. Бұл күй қалжың, мазақ сияқты көңілді шығарма. Домбырашылар да оны бір түрлі қағыспен тартады. Шектің үстінен баса қағып, саусақтың ұшын домбыраның бетіне тигізіп қояды. Домбырашылар оны “домбыра бұқтым-бұқтым деп сөйлеп тұр” дейді.

1860 жылдардың басында Қызыл-құрт, Ноғай руларын билейтін правитель болып Дәулеткерей белгіленеді. Екі күйші кездесіп, бірінен-бірі күйлер алып, жиі-жиі домбыра тартыстырып отырады. Бір күні Дәулеткерей Құрманғазыға өзінің “Бұлбұл” күйін орындап береді. Құрманғазы күйге үлкен баға береді. Сол жерде домбырасын алып өзі бір күй тартады. Дәулеткерей “Мынау не деген күйің?” деп сұрағанда, Құрманғазы: Бұл менің “Бұлбұлым” ғой дейді. Дәулеткерей сонда: “Жо, сенің бұл күйің “Бұлбұл” емес, “Бұлбұлдың құрғыры ғой” дейді. Содан

кейін Құрманғазының бұл күйі “Бұлбұлдың құрғыры” атанып кетеді. Бұл күйде Дәулеткерейдің “Бұлбұлының” ырғағы жоқ емес. Бірақ күйдің құрылысы Құрманғазыға тән ерекшеліктерге толы. Әрине, мұнда да өнші құстың сайрауына еліктеген үндер бар.

Құрманғазы Бапаспен (Дәулеткерейдің халық қойған аты. Дина үнемі Бапас дейтін. А. Ж.) бірге Айжан қыздың ауылында да болады. Қыздың әсем тартысына риза болған Құрманғазы Айжанға арнап күй шығарады. Ол күйдің атын да Бапас қояды. Ол бұл күй “Айда, бұлбұл Айжан-ай” болсын дейді. Сойтіп, Құрманғазы мен Дәулеткерейдің күй сапарларында тағы бірнеше творчестволық табыстар кездеседі. Бірі Жәңгірдің жақын туысы, бірі Исатайдың ала туының астына кірген рудан шыққан адам — Дәулеткерей мен Құрманғазы күй айналасында, музыканың сиқырлы тілі арқасында достасады.

Құрманғазының “Назым” атты күйінің шығуы жөнінде де бірнеше түрлі аңыз бар. Оның бәрін бұл арада келтіріп жатпаймыз. Назым қыздың аты. Сол қызды абайсызда нар інген теуіп, талып қалған қызды өлдіге жорып, ағайын-туғандар жылап-сықтап көмейін деп жатқанда Құрманғазы тап болып, қыздың тірі екенін айтып у-шуды басады. Кейін есін жиған қыз өзін құтқарған Құрманғазыны өмір бойы өз әкесіндей құрметтеп кеткен көрінеді. Бұл Назым қызға арналған күй.

Алпысыншы жылдардың аяқ кезінде Құрманғазы елде біраз жүріп қалады. Оған мүмкіншілік — жоғарыда айтылған Бапастың беделі болады. Ел аузында кейбір аңыздар бойынша баяғы Әубәкір әлі Құрманғазының сонынан қалмай, тағы ұстап “елге зиянды адам” деп үкім шығартып Үркітке жер аудартады. Сібірге бара жатқан жолда Құрманғазы “Бозшолак”, “Арба соққан” деген күйлер шығарады. Үркітке аз уақыт болып, Алексей атты орыс надзирательдің жәрдемімен Құрманғазы одан қашып кетеді. Қайту сапарында Сарыарқаны,

Алағауды басып өтеді. Осы келе жатқанда атақты “Сарыарқа”, “Алатау” күйлері шығады. Бірақ “Сарыарқа” біздің тар түсінігіміздегі Орталық Қазақстан емес, Құрманғазының түсінігінде бүкіл қазақ жері деген мәнді.

Құрманғазы еліне келеді. Онда тағы алдынан қайғылы хабар кездеседі. Жалғыз баласы Қазы ауырып жатады. Құрманғазыға ол қатты батады. Қиындығы сол, Қазыға ішем деген тамағын тауып беретін Құрманғазыда хал болмай, соған қатты налиды.

*“Күреңнің тақымынан тарттым таңба,
Бай менен бас имедім, биге, ханға.
Арықтап сары аурудан тұрғаныңда
Ас тауып бере алмадым Қазижанға”,*

— деген өлеңі іштің шеріндей ауыр ойдың нәтижесі.

Бұл кездерде Құрманғазының соңына түсіп жүргендердің көпшілігі өліп, бірқатары басқа жаққа кетіп, күйшіні іздеп соңын бағу нашарлайды. Бұл жетпісінші жылдардың аяқ кезі болатын. Бір күні бір старшын Құрманғазыға қағаз береді. Ол Астрахань генерал-губернаторы кеңесінің шақыру қағазы болады. Құрманғазы біраз ойланып, бармауға қорықты деп айтар деп жолға жиналады. Жүрерінде: “Жамағат, жасым болса келді, енді пәлеге кездесем құтыла алам ба, кім біледі, шалынның қоштасуын тартып кетейін, мына пәбескі тағы келді ғой!” деп бір күй тартады. Ол күйі “Пәбескі” атанып кетеді.

Құрманғазы Астраханьда Бекмұхамедов Мақаш правительді тауып алып, оған өзінің жайын баяндайды.

*“Торға түскен боз торғай,
Шырылдайды күнінде,
Талайы тоқтап бұл күнде,
Шыға алмай жүр үйінде.
Жақсылық сенен күтпеймін,
Отырсам да төрінде.
Тақыс біткен қисықпен,
Көңілім, жұмсап еріме.
Алпыстан асып жас кетті,
Төрімнен жуық көрім де”*

— деп басталатын өлеңімен правительді бірқатар шенеп алып, соңында өзінің жазықсыз екенін, қолына ешкім тимейтін қағаз беруін өтінеді. Мақаш правитель генерал-губернаторға өз қолынан кепілдік беріп, Құрманғазының қолына “Ақпаспорт” ұсынады. Сөйтіп Құрманғазы Астрахань жақтағы Сахма деген жерге орналасып, қалған өмірін сол арада өткізбек болады.

1888 жылдары Құрманғазы Бекетай күмына барып, Динаны көреді. Бұл ардақты шәкіртін соңғы көруі болатын. Бекетайда бірнеше күн болып Соқыр Есжан, Байжұма, Түркеш күйлерінің варианттарын Динадан алып қайтады. Сол сапардан келген соң өзі “Байжұма”, “Терісқақпай” күйлерін шығарып, шәкірттеріне үйретеді.

Біреулердің айтуы бойынша Құрманғазының “Саранжап” күйі де осы сапарда шыққан дейді. Ол жөнінде де неше түрлі аңыз бар. Бірақ “Саранжап” күйінде қалмақ музыкасының ырғағы бар екені даусыз. Бидің элементі де бұл күйде анық көрініп тұр. Сондықтан бұл күй Саранжап батырға арнау деген аңыз жөнге келеді. Оның үстіне Саранжап деген ат қалмақта, маңғұлда жиі кездеседі. Түрмеде отырып шығарды ма, жоқ басқа жағдайда ма, әйтеуір “Саранжап” күйі қалмақ атымен байланысты.

Жайық өзенінің сол жақ бетінде өскен акын Қашаған осы бір кезде Орда жаққа барып, Қиғаш, Бозаң бойларын аралап, Сахмаға барып күйшімен кездеседі. Біреулердің айтуы бойынша бұлар одан бұрын да кездескен. Екеуі біраз уақыт бірге жүреді. Қашаған Атырауды жағалай шығып, көп халықты қырып кеткен апатты образға алып, еңбекші халықтың ауыр халын суреттеген “Көбік шашқан” атты поэмасын айтып береді. Бұл жағдай күйшіні қозғап, екеуінің достығынан тағы бір күй туады. Қашаған шығарған поэманың желісі бойынша Құрманғазы күйдің атын да “Көбік шашқан” қояды.

Құрманғазы өмірінің соңғы кездерінде “Демалыс”, “Итог”, атты күйлер шыға-

рады. Бастан орыс сөздерін алуға бас тартпайтын, күйлерінің атын “Каспий”, “Не кричи, не шуми” деп беретін күйші, өзінің творчестволық қорытынды күйлерінің бірін “Итог” деп атайды. “Итогта” бұрынғыдай арпалыстың ноталары жоқ, тыныштыққа көшкен адамның жанкейіпі бар. Бірақ өмірін халықтың бақытына арнаған күреспен өткізген көп жасының босқа кетпегеніне өзіне-өзі дем беру, ризалық, халық алдында ар-ұяты таза адамның ақ пейілі бар десе болады.

Құрманғазы 1889 жылдар шамасында сол тұрған жері Сахмада қайтыс болды. Оның зираты Албасты төбе деген жерде. Ол төбе Шайтани батағасының қасында. Біреулер Құрманғазы Шайтанида өлді дейді. Бірақ оның айта қалғандай айырмасы жоқ. Шайтани мен Сахманың арасы дауыс естім жер.

Құрманғазының баласы Құбаш (інісі

Байғазыдан жас басынан Құрманғазы асырап алып, өзінің баласы болып кеткен) біздің ғасырдың басында Астраханнан бір тас шабатын татарды алып келіп Құрманғазының басына құлпытас қойдырған. 1959 жылы Құрманғазы төбенің (осы күнде Албасты төбе осылай аталады) басындағы күйшінің зираты қайта ондалып, оған биіктігі сегіз метрлік темір бетоннан құйылған үлкен ескерткіш қойылды. Сол төбенің етегіндегі бұрын “Қызыл қазақ” атанып келген қолхозға Құрманғазының есімі берілді. Құрманғазының күйлері біздің заманға оның шәкірттері, жолын қуған домбырашылар арқылы жетті. Күйшінің Дина, Мәмен, Көкбала, Сүгірәлі, Меңетай, Ерғали тағы сол сияқты көптеген шәкірттері болды. Ол шәкірттерінің шәкірттері болып, бірден бірге алып келіп біздің заманға Құрманғазының асыл күйлері жетті.

ҰЛЫ КҮЙШІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ІЗБАСАРЛАРЫ

Ұлы композитор, күй атасы Құрманғазының асқақ та жігерлі күйлері еркіндікті ұнататын жауынгер халқымыздың жалынды рухының жарқын көрінісі іспетті. Ол оның бүкіл әлемге танымал ардақты есімі ұлтымыздың ұлылығы мен мәңгілігінің символындай қастерлі.

Оның халықтық өміршен музыкалары мазмұнының даламыздай кең ауқымдылығы, теңіздей тереңдігі, жойқын күш жігерге толы екпіні, алай-дүлей алабұртқан сезімі, емін-еркін ойнақы ырғағы, әр иірімі әсемдікке айналған көркемдігі мен асқан орындаушылық шеберлігі қазақ күй өнеріне ұлы жаңалық әкелуші ретінде даңқын бүкіл әлемге жайды. Халқымыздың Күй-Атасына айналды. Құрманғазының сикырлы музыкасы төрткіл дүниенің түкпір-түкпірінен — Мәскеуден немесе Хельсинкиден, Кальярдан немесе Токиодан, Бухарестен немесе Пекиннен, Бакуден немесе Таллиннен естіген тыңдаушысының жан дүниесін толқытпай, таң тамаша қалдырып тамсандырмай, табындырмай қоймайды.

Ұлы күйшінің есімі туған топырағымыз Қазақстанда әлдеқашан аңызға, рухани қасиетті әулиеге айналды. Оның бейіті киелі орын болып есептеледі. Күн сайын Күй Атасы жатқан бейіттің басында Алладан зарығып перзент күткен жас келіншектерді, ауруы жанына батқан сырқат адамдарды жиі көресіз. Ұлы бабаларының басына жас күйшілер, сазгерлер де келіп тағзым етіп жатады... Күй атасының мәңгілік тыныштығын сақтап тұрған жер де сайын даланың ортасында пайда болған ертегідей жап-жасыл арал тәрізді қасиетті мекен. Бұл жерде оның ғажайып музыкасы мен киелі рухы билеп тұрғандай... ұлылығы бүкіл әлемді мойындатқандай әсерде қаласыз...

Құрманғазы бозбала кезінде-ақ халыққа асқан талантты күйшілігімен белгілі болды. Оның трагедиялық “Кішкентай” атты күйі әрбір қазақтың жан-жүрегін егітеді...

“Адай”, “Сарыарқа”, “Кісен ашқан”, “Төремұрат”, “Түрмеден қашқан”, “Қызыл қайың” ... тағы басқа күйлері сияқты ұлы шығармалары ғасырдан ғасырға шарықтай береді.

Құрманғазы соңына шығармашылық мол мұра қалдырған дарынды композитор ғана емес, ол өз шығармаларын шәкірттеріне үйрету арқылы бүкіл бір күйші-домбырашылар мектебін жасап кеткен ұлы ұстаз. Биік тұлғаның шығармашылық бағыттағы орындаушылық шеберлігі кең ауқымдылығымен, телегей теңіз екпінді күшімен әрі нәзік те жарқын, мөлдір сезім иірімімен ерекшеленеді. Күні бүгінге дейін ұлы шебердің күйлерін нақышына келтіріп орындау дәстүрі әкеден балаға жалғасып келе жатқан құбылыс.

Дина, Қали, Оқап, Рүстембек, Әзидолла, Қаршыға бұлардың қай-қайсысы да аты әйгілі өнер тұлғалары. Күй Атасының дәстүрлі мектебінен шыққан саналуан балғын музыканттардан бастап ақсақалдарға дейін небір талантты күйшілерді атап шығуға әбден болады. Ал мені жинақтың құрастырушысы күйші Қаршыға Ахмедияров болғаны ерекше қуанышқа бөлейді. Құдайға шүкір, бізде этнографиялық жинақтар баршылық. Олардың қай-қайсысы да сөз жоқ қазақтың күй өнері тарихына мол үлес қосады. Алайда тәжірибелі домбырашылар әзірлеген күйлер жинағы бүкіл халыққа қажет кітап болатынына дау жоқ. Ал егер Құрманғазы күйлері биік деңгейдегі күйші Қаршыға Ахмедияровтың орындауы бойынша жеке кітап болып шығып жатса, бұл ондаған кәсіпқой күйшілерден бастап орындаушылық өнерге ден қойған музыканттардың барлығы да баға жетпес сыйлыққа кенеледі деген сөз. Әрине, назарларыңызға ұсынылып отырған кітап Қаршығаның күйлер жинағын шығарудағы алғашқы тырнақалдысы емес. Ол ұлы дауылпаз ақынымыз Махамбеттің,

күй анасы Динаның тамаша күйлер жинағын жеке кітап етіп шығарып, өнер сүйер қауымның алғысын алған. Қаршыға ондеген күйлердің әр қайсысына шығармашылық және орындаушылық талдау жасап, мағынасын да ашып береді.

Соңғы кезде, басқаны былай қойғанда, Құрманғазының күйлерін де “өзінше” орындайтын мықтылар көбейіп кетті. Бұның астарында тек қана орындаушылық орашалақтық қана емес, ұлы музыканың кең ауқымын түсінбеушілік, былайша айтқанда өнердегі үстірт жеңілеттік жатыр. Әсіресе, бұл музыкалық педагогикаға үлкен зиянын тигізеді, сондай шала “ұстаздардан” дәріс алған жас домбырашылар кейін күүді өз нұсқасында тартуға үйрене алмай қиналады. Мәселе техникалық күрделілікте ғана емес, гөп Құрманғазы күйлері дегеніміз тұтас бір әлем, шоқтығы биік музыка екендігінде. Сол биік деңгейге көтеріліп, кең ауқымын меңгеру екінің бірінің қолынан келе бермейді... Құрманғазы күйлерін орындаудың бір жарым ғасырдан бері жалғасып келе жатқан классикалық дәстүрлі мектебі бар екенін ұмытуға болмайды.

Әрине күүді тартып отырғанда өзіннің шығармашылық жеке-дара шеберлігінді корсетуің керек, бірақ күүдің мазмұнына, формасы мен ырғақтық құрылымына нұқсан келтіруге болмайды. Қаршыға шығармашылығының жеке-дара мүмкіндігі бар ерекше дарын. Бірақ ол әрқашанда ұстаздарынан мұра болып қалған классикалық дәстүрге адал. Қаршығаның ойнаған күйлері түр мен ой ауқымдылығымен, ағыл тегіл қызуқандылығымен, ерекше сезім өрнегімен, шексіз орындаушылық қабілетімен, биік шеберлік мәдениетімен ерекшеленеді. Қ.Ахмедияровтың өте сирек кездесетін орындаушылық ғажайып қасиетін оның үлкен дирижерлік талантымен түсіндіруге болады. Музыканы жан дүниесімен жан-жақты сезіне білудегі тереңдігін өзі шығарған көптеген тамаша күйлерімен де дәлелдеп жүр.

Бұл кітап қазақ халық музыкасының ұлы классигінің күйлерін зерттеп, дамытудың шын мәніндегі мектебіне айналатынына мен көміл сенемін.

Ұлы бабамыздың рухы бізді қашанда желеп-жебеп жүргей!

Ғазиза Жұбанова

ҚЫЗЫЛ ҚАЙЫН

ОРТАША, СЕКІРТП, ОЙНАҚЫ. $\text{♩} = 168-170$

The musical score is written in 2/4 time with a key signature of one flat (B-flat). It consists of ten staves. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one flat, and a common time signature. Above the first staff are performance markings: \square \square \vee \square \vee and \square \square \square \square \square . The first staff also includes the dynamic marking *mf*. The score features a variety of rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. There are several repeat signs and first/second endings. The final staff concludes with performance markings: \square \vee \square \vee and \square \square \square \square \square .

This page of musical notation consists of 12 staves. The notation is complex, featuring various rhythmic patterns, accidentals, and performance markings. Key elements include:

- Staff 1:** Melodic line with eighth and sixteenth notes.
- Staff 2:** Melodic line with eighth notes and a sequence of trills (tr) marked above the notes.
- Staff 3:** Bass line with quarter notes and rests.
- Staff 4:** Bass line with eighth notes and trills (tr) marked above the notes.
- Staff 5:** Melodic line with eighth notes.
- Staff 6:** Melodic line with eighth notes.
- Staff 7:** Melodic line with eighth notes, marked with *mf* (mezzo-forte).
- Staff 8:** Melodic line with eighth notes.
- Staff 9:** Melodic line with eighth notes.
- Staff 10:** Melodic line with eighth notes.
- Staff 11:** Melodic line with eighth notes.
- Staff 12:** Melodic line with eighth notes.

pp

ҚЫЗЫЛ ҚАЙЫҢ

ОРТАША, ЖІГЕРЛІ. =184-186 II ТҮРІ

mf

56

p

mf(p)

mf

p

mf

p

f

f(p)